

**MATERIALS
OF THE XVII INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND
PRACTICAL CONFERENCE**

**MODERN SCIENTIFIC POTENTIAL -
2021**

February 28 - March 7, 2021

Volume 6

SHEFFIELD
SCIENCE AND EDUCATION LTD
2021

Педагогика ғылымдарының магистрі:

Бажикеев Курмет Канатулы

Филология ғылымдарының магистрі:

Билял Балкен Қалымқызы

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

ДАНДАЙ ЫСҚАҚОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИ СЫН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әдебиеттану ғылымында әдеби сынның тарихын зерттеп-зерделеу кейінгі жылдарда да іске асып келеді. 2012 жылы профессор Д.Ысқақұлының «Әдеби сын тарихы» атты оқу құралы басылып шықты. «Десек те қазақ әдебиетінің даму жолдарын ерте кездерден бастап, қазірге дейін бүгінгі күнбиігінен ғылыми тұрғыдан тұтас бір қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру қажеттілігі күн тәртібінде тұр» деп атап көрсеткеніндей, автордың мақсаты осы бір қажеттілікті өтеуге бағытталғанын байқаймыз [1, 3]. Көлемді оқулықты жоғарыдағы Т.Кәкішев еңбегінің көшірмесі я баламасы деп айтуға келмейді. Профессор Кәкішев зерттеуі бұл салаға алғаш жол сала отырып, әдеби сынның өткен тарихи бастауларынан бастап ХХ ғасырдың 30-40 жылдарына дейінгі аралығындағы жүріп өткен жолына тоқталады. Және мұнда зерттеуші 20-30 жылдардағы әдеби сынның ахуалын, туу, қалыптасу дәуірін егжей-тегжейлі зерттеп, бір жүйеге келтіргенін көреміз. Ал Д.Ысқақұлы оқулығында әдебиет сынының ертедегі қайнар көзінен бастап бүкіл басынан өткерген тарихи кезеңдері саралана келе, тәуелсіздік тұсындағы, жаңа ХХІ ғасыр көзжиегіндегі әдеби сын зерттеу өзегіне айналған.

Зерттеуші әдеби сынның дамуын кезең-кезеңімен саралайды. Көне дәуірдегі әдеби сын, ағартушы демократтардың әдеби-ой пікірлері, ХХ ғасыр басындағы әдеби сын, Алашшыл әдеби сын, кеңестік дәуірдегі әдеби сын тәрізді бөлімдердің өзін бірнеше тараушаларға бөлу негізінде сол кезеңдердегі әдеби сынды негізгі бағыт-бағдары, мақсат-міндетіне, жанрлық, теориялық тұрғыдағы ізденістеріне сай, сондай-ақ аталған кезеңдердегі саяси, тарихи жағдайлармен, әдеби процеспен бірлікте алып қарастырады. Ал оқулықтың негізгі жаңашылдығы мен басымдылығы соғыс жылдарындағы, соғыстан кейінгі уақыттан дәл қазіргі кезеңге дейінгі аралықтағы әдеби сынның даму арнасын зерттеу нысанына алғандығы деп білеміз. Себебі бұл кезеңдердегі әдеби үдеріспен әдеби сын жекелеген мақала, зерттеулерде қарастырылғанымен, тұтастай, толымды түрде талданып-сараланбағаны анық. «Соғыстан кейінгі әдеби сын», «жылымық жылдарындағы әдебиеттану», «жеңген социализм тұсындағы әдеби сын», «кемелденген социализм тұсындағы әдеби сын», «қайта құрулар кезеңіндегі әдебиет» атты бөлімдерде әдеби сынның дамуы қоғам дамуымен, дәуір тынысымен көркемдік тұтастықта қаралып, әдеби сынның жанрлық тұрғыдағы жаңғыруы, сындағы жаңаша ізденістер мен іркілістер,

проблемалар жүйелі талданады. «Жылымық» жылдарындағы әдеби сынның дамуын «әдебиет ұлттық болады десек, сол ұлттық болмысынан жұрдай болған қазақ әдебиеті сыны мен ғылымына осы ойсыраған олқылықтардың орнын қалпына келтіру керек-тұғын. Әдебиеттану сол іске енді әдеби сын арқылы кірісе бастады. Әдеби сынның әдеби өмірдегі белсенділігі арта түсті. Осы кездегі қазақ әдебиеті ғылымы мен сынының көшін көркем шығармашылық пен сыни-зерттеушілікке тәжірибелер жинақтаған М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты қаламгерлердің өзі бастауға тура келді» деп баяндайды [1, 253]. Сонымен қатар «осы жылдарда әдеби сынға жаңадан келіп қосылған С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Т.Құттыбаев, Т.Қожакеев, А.Нұрқатов, Б.Сахариев сынды сыншылар әдеби сынның көрігін қыздыра түсті» деп, сол тұстағы әдебиеттің түрлі мәселелерін сөз еткен сыншылар мақалаларын таразылайды [1, 259]. Ал алпысыншы жылдардағы әдеби сындағы сапалық өзгерістерге Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Кекілбаев, А.Сүлейменов, Т.Нұртазин, М.Дүйсенов, З.Ахметовтың т.б сыншылар мақалалары арқылы баға беріледі. Поэзия, проза, драматургия сынды жанрлар мен ежелгі әдеби мұра мен фольклор төңірегіндегі сыни мақалалар мен әдеби айтыстар да оқулықта жан-жақты бағамдалады. Әдебиеттің түрлі күрмеуі көп мәселелерін сөз еткен сыни пікірлер мен сұхбаттар, дөңгелек үстелдер, ғылыми конференциялар арқылы жанданған, жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығын талдаған, жанрлық тұрғыда жаңа, соны ізденістерді бойына сіңірген жетпісінші жылдардағы сындағы ілгерілеушілікті автор М.Қаратаев, С.Әшімбаев, Р.Нұрғали, М.Серғалиев, Ш.Елеукенов, А.Егеубаев, Б.Сарбалаев, Т.Сыдықов т.б. сыншылар еңбегі негізінде бағалап, таразылайды. «Қайта құру», «жариялылық» принциптерін басшылыққа алған сексенінші жылдардағы кеңестік қоғам жаңа арнаға бет бұра бастады. Оның мәдениет пен әдебиетке жасаған ықпалы, осы тұстағы оның әдебиет пен сындағы жаңа беталыс, сапалық өзгерістер «сексенінші жылдардағы әдеби сын» тарауында сөз болады. Д.Ысқақұлы «Алаш арыстары мұрасының ақтала бастауы мен ежелгі әдеби мұраларға деген көзқарастың өзгеруі, жалпы әдеби нормалардың жаңаша қарала бастауы әдеби сынды да тың тақырыптар мен жаңа арнаға бастады» деп пайымдайды. Бұрынғы кәсіби сыншылардың қатары Т.Жұртбай, Т.Шапай, Ә.Балқыбек, Ә.Бөпежанова, С.Жұмабеков, А.Ісімақова, Г.Пірәлиева, Ә.Меңдеке, Б.Дәрімбетов, Б.Ыбырайымов т.б сыншылармен толыққанын, олардың әдеби сынды жаңа бағытта алға сүйреудегі еңбектерін атап өтеді.

«Тәуелсіздік тұсындағы әдеби сын», «XXI ғасырдағы қазақ әдеби сыны» атты үлкен тарауларда ғалым азаттық алған бергі уақыттан күні бүгінге дейінгі аралықтағы әдеби сынның даму арнасына, көтерген тақырыптары мен жаңа заман тынысына сай атқарған қызметіне тоқталады. Тәуелсіздік кезеңінің әдебиеті қандай болу керек, қандай идеологияны ұстанамыз, ұлттық әдебиеттің ендігі бағыт-бағдары қандай болмақ деген сынды сауалдар мен ұлттық тіл, руханият пен әдебиеттің қоғамдағы орны, тарихи тақырып, қаламгерлер мерейтойы, сөз өнерінің әдіснамалық, көркемдік мәселелерін сөз еткен әдебиетші-сыншылардың түрлі мақала, сұхбаттары мен ұйымдастырылған дөңгелек үстелдерде айтылған ой-пікірлерді талдау нысанына ала отырып, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы әдеби сынның даму деңгейін анықтайды. Ғалым жаңа ғасырға аяқ басар шақтағы әдебиет пен сындағы өзгерістер жөнінде «Тоқсаныншы жылдар соңына қарай әдеби өмір жандана түсті. Бұрындары әдеби басылым беттерінде нарықтық замандағы руханияттың, әдебиеттің қоғамдағы орнын айқындау көбірек сөз болса, енді әдебиеттің өз жайын – көркемдік мәселелерін талқылауға бет бұра бастады. Бұл ретте, әсіресе, «Қазақ әдебиеті» газеті әдеби-сыншылық ой-пікірді дамыта түсу үшін біршама жұмыстар атқарды» деп пікір білдіреді [1, 429].

Оқулықта жаңа ғасырдағы әдеби сынның көкжиегі С.Асылбекұлы, С.Жұмабек, Б.Кәрібаева, А.Кеңшілікұлы, А.Әлім, Ә.Балқыбек сынды сыншылар зерттеулері арқылы бағаланады. Бүгінгі тәуелсіздік кезеңінде туған әдебиет үлгілері мен жас дарындардың шығармашылығын бағалауға ұмтылған, әдеби байланыстар мен көркем аударма мәселелерін, бүгінгі поэзия мен прозаның жетістігі мен кемшілігін талдап, әдеби сынның даму деңгейін саралаған полемикалық, проблемалық сипаттағы мақалалар зерттеу мақсатына орай назарға ілігіп, талдауға негіз болғанын көреміз. Тәуелсіздіктің әдеби өмірге әсері, осы жылдардағы әдеби үдеріс пен әдеби көркемдік даму мен ондағы әдеби сынның атқарған рөлі, ықпалы тәрізді мәселелерге оқулық авторы жауап беруге тырысқан

Сонымен қатар Д.Ысқақұлының әдеби сын тарихына қатысты басқа да еңбектерінің барын айтуымыз керек. «Сынсонарда» (1993) қазақ әдеби сыныныңсоғысқа дейінгі дәуірдегі, «Сын сымбатында» соңғы жарты ғасырдағы жай-күйісараланған. Бұл ретте «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» сияқты әдебибасылымдардың көркем сынды дамытудағы қызметіне назар аударылған.Сондай-ақ Н.Төрешұловтың, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Х.Сүйіншәлиевтің,С.Қирабаевтың, Т.Кәкішевтің, Р.Бердібаевтың сын-зерттеушілік ой-пікірлері талданылады

Әдебиеттанушы Д.Ысқақұлының «Сын жанрлары» атты еңбегі «Жанр туралы» деген мақаламен ашылады. Алғашқы тұста-ақ автор: «Сөз өнері ғылымындағы жанр мәселесі – аса күрделі проблемалардың бірі. Сондықтан да сын жанрларын әңгіме етпестен бұрын жалпы жанр мәселесінің жай-күйіне тоқтала кеткен жөн. Әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихында жанр туралы түрлі кездерде айтылған пікірлерді Аристотельден бастап кездестіреміз. Бұларда жанр сипатын әртүрлі қырынан әңгімелеп, табиғатын аша түсушілік бар. Солай бола тұрса да «жанр дегеніміз не?», «оны жіктеудің шарттары» деген сияқты негізгі сауалдарға жауап іздегенде басы ашылмаған қиындықтар туындайды: оларды шешудің түрлі жолдары ұсынылып отырған», - деп жанр табиғатын ашуға, ондағы түйінді тұстарға ден қояды [2, 3].

Автор «Сынның жанрларын анықтағанда, оның көркемдік сипаты әдеби принципті қажет етсе, публицистикалық табиғаты публицистикалық, ғылымилығы ғылыми қолдануды міндеттейді. Осы тұрғыдан сын жанрларын алдымен әдеби, публицистикалық, философиялық деп жіктеуге болады. Сынның көркем жанрлары әдебиеттің тегі (род), түрі (вид) жағынан эссе, пародия, эпиграмма, памфлет, т.б. болып бөлінеді. Сын жанрларын іштей шартты түрде қарасөзбен (рецензия, шолу, эссе, шығармашылық портрет, т.б.) және өлең сөзбен (эпиграмма, пародия) жазылған деп бөлуге келеді. Публицистикалық жанрларға әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шолу, творчестволық портрет, әдеби фельетон, әдеби очерк, әдеби есеп т.б. жатады. Бұларды тағы да хабар (әдеби хабар, аннотация), талдау (рецензия, мақала, шолу, шығармашылық портрет), әдеби-публицистикалық (әдеби фельетон, әдеби памфлет, әдеби очерк, т.б.) жанрлар деп жіктеуге болады» деп әдеби сын жанрларын бірнеше түрге бөледі [2, 14].

Кітап авторы қазақ әдеби сыны, оның зерттелуі жайлы сөз еткен соң, шағын жанрларға кезек береді. Олардың қатарына: әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шығармашылық портрет, әдеби шолу, эссе т.т. жатқызады. Олардың әрбіріне жеке тоқталып, дәйек-дерекпен дамытып, тиісті тұстарда талдап, қажетті жерде анықтамасын беріп, түйіндер жасап отырады.

Жалпы күні бүгінге дейін әдеби сынның не екендігі жөнінде бірізділік жоқ. Осы күнге шейін зерттеушілер әдеби сынды көркем әдебиеттің бір саласына, әдебиеттанудың бір бөлігіне, журналистиканың тармағына сондай-ақ идеологиялық құралға, өнерді зерттейтін эстетикаға жатқызатын пікірлер де айтуда. Әдеби сынның мазмұны, әдіснамасы, жанрлары мен принциптері

жөнінде қалыптасқан пікірлер жоқ. Мұның барлығы айналып келгенде сынның теориялық жағын құрайтыны анық. Осы олқылықты толтыруға көздеген ғалым Д.Ысқақұлы болды. Жоғарыдағы сын тарихына қатысты еңбектерінен бөлек ғалымның «Сын жанрлары» (1999) мен «Сын өнері» (2001) атты сын теориясын зерттеу нысаны еткен зерттеулерінің орны ерекше.

Алдымен, бұл еңбектер қазақ әдеби сынын - жанрлық жағынан жүйелеп, тарихи категория ретінде қарастырады. Әдеби сын үлгілерінің алғашқы қазақ баспасөз беттерінде орын алуынан бастап, шығармашылық портрет деңгейіне дейінгі эволюциялық жолын жүйелі, нақтылы сөз етеді.

Келесі кезекте, ұлттық әдеби сынның теориялық мәселелері (элеуметтікпублицистикалық, әдеби-ғылыми, шығармашылық-проблемалық, тарихиидеялық), жанрлық жүйесі мен басқа ғылым салаларымен байланысы кең

көлемде қарастырылады. Бастысы, әрине, сын - әдебиеттің құрамдас бөлігі, қозғаушы һәм басты нысаны, сапалық белгілерінің бірі.

Мұның бәрі, сөз жоқ қазақ әдебиетінің іргелі саласы - сын мұратын, өзіндік өзгешеліктерін жан-жақты сөз етуімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер:

- 1 Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы. - Алматы: Таңбалы, 2012. - 578 б.
- 2 Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. Оқу құралы. - Алматы: Санат, 1999. - 287 б.
- 3 Ысқақұлы Д. Сын өнері. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. – 303 б.